

**Жазушы, қазақ детектив жанрының негізін қалаушы  
Кемел Тоқаевтың 100 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылатын  
«КЕМЕЛ ҚАЛАМГЕР» атты республикалық шығармашылық байқаудың  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. «Кемел қаламгер» республикалық шығармашылық байқауы (*бұдан әрі – Байқау*) жазушы, қазақ детектив жанрының негізін қалаушы Кемел Тоқаевтың 100 жылдық мерейтойы аясында өткізеді.

1.2. Осы Ереже Байқауды өткізу мақсаты мен міндеттерін және тәртібін айқындайды.

1.3. Байқаудың мақсаты:

Детектив жанрында, құқық тақырыбында жазатын отандық авторлардың шығармаларын қолдау және насихаттау.

**2. Байқауды өткізу тәртібі**

2.1 Байқау төмендегі аталымдар бойынша өткізіледі:

**1) Детектив жанрындағы әдеби шығарма/эссе;**

**2) Құқық тақырыбында жазылған сараптамалық мақала/зерттеулер.**

2.2 Байқауға қатысушыларға қойылатын шарттар:

қатысушыға жас шектеулігі қойылмайды;

бұрын-соңды жарияланған шығарма/мақала Байқауға қабылданбайды;

бір автор тек бір номинацияға ғана өтінім бере алады;

Байқауға қазақ немесе орыс тіліндегі жұмыстар қабылданады;

Байқауға әдепсіз сөздерді қамтитын, сондай-ақ үшінші тұлғалардың этикалық нормалары мен авторлық құқықтарын бұзатын туындылар жіберілмейді;

автор Байқауға жіберген жұмысқа авторлық құқықтың бар екендігіне кепілдік береді және туындысын (*толық және/немесе ішінара*) бұқаралық ақпарат құралдарында, жинақтарда, ғаламторда, әлеуметтік желіде жариялауға рұқсат береді, ұйымдастырушыға қаржылық талаптар қоюдан бас тартады;

Байқауға қабылданған жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды;

қабылдау уақыты аяқталғаннан кейін келіп түскен өтінім Байқауға қатыстырылмайды;

қатысушы шығармасымен бірге өзі туралы ақпарат (*1 беттен аспауы керек*) және сапалы суретін қоса жіберуі тиіс;

байқау жұмыстары А-4 форматында, TimesNewRoman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 аралықта терілуі керек;

авторлар 2.2. тармағының шарттары түгел орындалған кезде ғана Байқауға қатысушы ретінде тіркеледі.

### **3. Байқауға жіберілетін материалдарды ұсыну тәртібі:**

- 3.1. Қатысушылар байқау жұмыстарын [kemel.qalamger@gmail.com](mailto:kemel.qalamger@gmail.com) электрондық поштасына жіберу керек;
- 3.2. Байқау жұмысының электронды нұсқасы (*автордың дерегінсіз*) бөлек файлмен жіберілуі тиіс;
- 3.3. Алғашқы беттің оң жағына автордың бүркеншік есімі ғана жазылады. Файл атауында автордың бүркеншік есімі және шығарманың номинациясы көрсетілуі тиіс. Мысалы: qalamger\_proza, qalamger\_maqala;
- 3.4. Автор туралы мәлімет келесі ақпараттарды қамтуы керек: аты-жөні, тұрғылықты мекен жайы, телефон нөмірі, электронды поштасы, фотосуреті, автор туралы қысқаша ақпарат. Файл атауында автордың бүркеншік есімі және автордың аты-жөні көрсетілуі тиіс. Мысалы: qalamger Қуаныш Сұлейменов деп сақтауы тиіс;
- 3.5. Байқау жұмыстарын қабылдау **2023 жылғы «22» мамыр** күні сағат **12.00**-ден басталып, **2023 жылдың «22» тамыз** күнгі сағат **18.00**-ге дейін жүргізіледі.

### **4. Жеңімпаздарды анықтау тәртібі**

- 4.1. Ұйымдастырушылар келіп түскен өтінімдер іріктейді.
- 4.2. Иріктеуден өткен өтінімдер ашықтық қағидасына сәйкес Telegram қосымшасындағы «Кемел қаламгер байқауы» каналында ([https://t.me/kemel\\_qalamger](https://t.me/kemel_qalamger)) жарияланады. Қолданушылар жарияланған материалдармен танысып, өз пікірін қалдыра алады.
- 4.3. Жеңімпаздарды анықтау және сыйлықтарды беру байқау комиссиясының шешімімен жүзеге асырылады.
- 4.4. Байқау комиссиясының құрамына Қазақстан Жазушылар одағының өкілдері, белгілі қаламгерлер, мәдениет қайраткерлері және басқа да қоғамдық маңызы бар тұлғалар кіреді.
- 4.5. Байқаудың әділдігін сақтау үшін қазылар алқасы туралы ақпарат Байқау қорытындысы шыққанға дейін жарияланбайды.
- 4.6. Байқау комиссиясының құрамы ұйымдастыру алқасының бұйрығымен бекітіледі және жалпы саны 5 немесе 7 адамнан аспауы тиіс;
- 4.7. Байқау комиссиясы бірінші отырыста дауыс беру парагын бекітеді.
- 4.8. Байқау комиссиясы Байқау туралы хабарландыру республикалық сайттарда, әлеуметтік желілерде және БАҚ жарияланған сәттен бастап түскен жұмыстарды кезегімен қарай береді.
- 4.9. Байқау комиссиясы Telegram қосымшасындағы қолданушылар пікірін ескере отырып, ашық дауыс беру арқылы жеңімпаздарды анықтайды.
- 4.10. Конкурс жұмыстарын бағалау кезінде байқау комиссиясы келесі критерийлерді басшылыққа алады:  
байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі, өзектілігі, авторлық тұжырымдама дербестігі, материалдардың объективтілігі, жаңашылдығы,

дәйектілігі, стилі, мазмұндау тілі, идеяның бірегейлігі, әдеби-көркем құндылығы, эстетикалық әсер ету терендігі.

4.11. Байқау талаптарына сәйкес емес жұмыстарды байқау комиссиясы қараусыз қалдыруға құқылы.

4.12. Байқау комиссиясының қорытынды отырысы, егер оған байқау комиссиясы мүшелерінің жалпы санының үштен екі бөлігі қатысса, заңды деп есептеледі.

4.13. Женімпаздарды анықтау байқау комиссиясы мүшелерінің ашық дауыс беру арқылы жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады;

4.14. Байқау комиссиясының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

4.15. Байқауға ұсынылған жұмыстар арасында Байқау шарттарына сәйкес келетін материалдар болмаған жағдайда, байқау комиссиясы ұйымдастырушыға осы номинация бойынша сыйақыны толық бермеу немесе ішінara бөлу туралы ұсыныстар беруге құқылы.

## 5. Байқауды қорытындылау

5.1. «**Кемел Тоқаев атындағы Қайырымдылық қоры**» женімпаздарға арнайы жүлделер қарастырады.

5.2. Эр номинация бойынша келесі жүлделі орындар тағайындалады:

**Балалар шығармашылығы** (*мектеп оқушылары арасында*):

1-орын – **1** женімпаз.

2-орын – **1** женімпаз.

3-орын – **1** женімпаз.

Үңталандыру сыйлығы – **1** женімпаз.

**Жастар шығармашылығы** (*студенттер, магистранттар, докторанттар арасында*):

1-орын – **1** женімпаз.

2-орын – **1** женімпаз.

3-орын – **1** женімпаз.

Үңталандыру сыйлығы – **1** женімпаз.

**Қаламгерлер шығармашылығы:**

1-орын – **1** женімпаз.

2-орын – **1** женімпаз.

3-орын – **1** женімпаз.

Үңталандыру сыйлығы – **1** женімпаз.

5.2. Байқаудың қорытындысы бойынша женімпаз атанған шығармалар жинақ түрінде кітап болып басылып шығады.